

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мәселелері.

- **Орындаған: Мәжитов А, 1 – курс магистрант**
- **Ғылыми жетекші: Ақашова А**

- Отырар ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысының батысында орналасқан әкімшілік бөлініс. Батысында Қызылорда облысымен, шығысында Ордабасы, оңтүстік – шығысында Арыс қалалық әкімдігіне қарасты аумақпен және Сарыағаш ауданымен, оңтүстік – батысында Шардара ауданымен шектеседі.




- Отырар ауданының топырағы сұр, сортаңды сұр топырақты. Сырдария өзенінің аңғары шалғынды аллювийлі сұр топырақты. Аудан өңірі шөлді – шөлейтті белдеулерде орналасқандықтан мұндағы су, суару жүйесі ежелден маңызды шаруашылық саласы болып саналады.
- Ауданда ауылшаруашылығына жарамды жерлердің аумағы 169,2 мың га, оның ішінде жыртылатын жер 15,8 мың га, суармалы жердің аумағы 27,3 мың га, көп жылдық ағаштар 256 га, шабындық 15,5 га, жайылым 16,48 мың га алып жатыр.

Отырар ауданының егістік жерлері, га

Жылдар	барлық егістік жерлер, га	Оның ішінде егілгені , га
2013 жыл	30000	13234
2014 жыл	31328	18342
2015 жыл	41624	21609
2016 жыл	42021	23261

- 2016 жылы аудандағы ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 1640,8 га немесе 7,2 % артып, 24338,5 га құрады.
- Алқаптардың едәуір бөлігін – 5422,6 га немесе 22,3 % дәнді дақылдар (жүгері) және 7313,1 га немесе 30,0 % бақша дақылдары құрады.
- Егіс көлемінің басым бөлігі дәнді дақылдардан Талапты – 906,7 га (16,7 %), бақша дақылдарынан – 2329,0 га (31,8 %) Аққұм ауыл округіне тиесілі.



- Агроландшафттардың дегредациясы – су және жел эрозиясының, топырақ асты (грунт) суларының тұрақсыздығы, олардың ластануы, батпақтануы мен тұздануы мәселелердің белең алуына байланысты қалыптасатындығы белгілі. Дегредацияның түрлерін 6 топқа бөлеміз, оларға: су эрозиясы, жел эрозиясы, топырақ құнарлылығының азаюы, тұздану, батпақтану және топырақ асты сулары (ТАС) деңгейінің төмендеуі мәселелерін жатқызамыз.

- Осылардың ішінде топырақтың тұздану мәселесі ауылшаруашылығы суарусыз түсім бермейтін аридті аймақтардың агроландшафттары үшін өзекті тақырыпқа айналған. Осындай жағдай Қазақстанның оңтүстігіне де тән құбылыс болғандықтан бұл аймақтағы суармалы жағдайдағы егіншіліктің тұрақты дамуы мен ауылшаруашылығының жоғары өнімділігі – топырақтардың су және тұз режимдерін реттеусіз жүзеге аспайтыны сөзсіз.

- Аудандағы 2262,9 га суармалы егістік жерлерінің 6,6 %-ы күшті тұзданып кеткендігі, орташа тұзданған жерлер 27,4 % және тұзданбаған топырақтар 38,7 % - ды құрап жатыр. Мұндағы сұр топырақ жамылғысының тұздануы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін дәстүрлі тәсілдермен жоғарылатуға айтарлықтай кедергі келтіруде.

- Отандық және шетелдік ғалымдар тұзданған жерлерді қалпына келтіру бойынша топырақтың құнарлылығын арттыратын, оның биологиялық әлеуетін жоғарылататын және топырақтың құрамындағы тұздардың мөлшерін азайтуға ықпал ететін төмендегідей әдістердің теориялық – әдістемелік негізін жетілдіріп отырды.

• **Физикалық әдістер.** Жерді тереңнен айдау, қопсыту және құм қосып жырта отырып, топырақ қабаттарын араластыру арқылы механикалық өңдеу — механикалық құрамы ауыр және жеңіл топырақтардың араласуына, су өткізбейтін қабаттың бұзылуына әкеліп, топырақтың су өткізгіш қасиетін арттырады. Бұл әдістерді су өткізетін және су өткізбейтін қабаттар кезектесіп келетін сорланған және сортаңданған жерлерде қолданған жөн.

• **Химиялық әдістер.** Бұл әдіс бірінші кезекте топырақтағы қауіпті тұздармен күресу және сілтіленген топырақтарды жақсарту үшін қолданылады. Гипс, күкірт сияқты химиялық тыңайтқыштарды қолдану агроландшафттарды минералды заттармен және тыңайтқыштармен толықтырып, топырақ құнарлылығын артуына, қолайсыз әсердің тежелуіне ықпал етеді.

• **Биологиялық әдіс.** Топыраққа органикалық заттарды (қи, өсімдік қалдықтары) қосу арқылы байыту – оның су өткізгіштігін арттырады және органикалық заттардың ыдырау нәтижесінде көмір қышқылын бөледі. Бұл әдіс тиімді болу үшін органикалық заттар топырақпен жақсы араласу керек және олардың көлемі өсірілетін өсімдіктің түріне қарай гектарына бірнеше тоннаға жетеді. Мал шаруашылығы жетекші ауылшаруашылық саласы болып табылатын аймақта осы әдісті пайдалануға мүмкіндік бар. Мұндағы егістік алқаптарының елді мекендерге жақын орналасуы бұл әдісті қолдану жұмыстарын жеңілдетеді.

- Қорытындылай келгенде, Отырар ауданының агроландшафттарында туындаған мәселелерді шешу үшін мына шараларды жүзеге асыруымыз қажет деп есептеймін:
- - құмдардың жылжуын тоқтататын өсімдіктерді егуді қолға алу;
- - шабындықтарды сумен қамтамасыз етілуін қадағалау;
- - сумен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту және суды үнемдейтін технологияларды қолдану;
- - егістік жерлерінің мелиорациялық жағдайын жақсарту;

Назарларыңызға рахмет!